

## Курчатов қаласының 2011-2013 жылдарға арналған бюджеті туралы

### *Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Курчатов қалалық мәслихатының 2010 жылғы 28 желтоқсандағы N 30/235-IV шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Курчатов қаласындағы Әділет басқармасында 2010 жылғы 30 желтоқсанда N 5-3-98 тіркелді. Шешімнің қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды - Шығыс Қазақстан облысы Курчатов қалалық мәслихаты аппаратының 2012 жылғы 5 қаңтардағы N 5 хатымен

**Ескерту. Шешімнің қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды - Шығыс Қазақстан облысы Курчатов қалалық мәслихаты аппаратының 2012.01.05 N 5 хатымен.**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95-IV Бюджеттік кодексінің 73, 75-баптарына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 6-бабы 1-тармағы 1) тармақшасына, «2011-2013 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2010 жылғы 24 желтоқсандағы № 26/310-IV (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне 2541 нөмірімен 2010 жылғы 27 желтоқсанда тіркелген) шешіміне сәйкес Курчатов қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Курчатов қаласының 2011-2013 жылдарға арналған бюджеті 1, 2, 3 қосымшаларға сәйкес, соның ішінде 2011 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 1 026 848,3 мың теңге, соның ішінде:  
салықтық түсімдерден – 572 658,0 мың теңге;  
салықтық емес түсімдерден – 4 234,0 мың теңге;  
негізгі капиталды сатудан түскен түсімдерден – 9 972,0 мың теңге;  
трансферттер түсімдерінен – 439 984,3 мың теңге;

2) шығындар – 1 030 899,1 мың теңге;

3) таза бюджеттік несиелендіру – 0,0 мың теңге, соның ішінде:  
бюджеттік несиелер – 0,0 мың теңге;  
бюджеттік несиелерді жабу – 0,0 мың теңге;

4) қаржылық активтермен операциялар бойынша сальдо – 14 900,4 мың теңге,  
с о н ы ң і ш і н д е :  
қаржылық активтерді сатып алу – 15 505,0 мың теңге;

мемлекеттік қаржылық активтерді сатудан түскен түсімдер – 604,6 мың теңге;

5) бюджет (профицит) тапшылығы – -18 951,2 мың теңге;

б) бюджет тапшылығын қаржыландыру – 18 951,2 мың теңге.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы Курчатов қалалық мәслихатының 2011.11.15 N 36/305-IV шешімімен (01.01.2011 бастап қолданысқа енгізіледі).**

2. Әлеуметтік салық, төлем көзінен ұсталатын жеке табыс салығы, төлем көзінен ұсталатын шетел азаматтарының жеке табыс салығы, қызметтерін бір реттік талондар бойынша жүзеге асыратын жеке тұлғалардан алынатын табыс салығы, төлем көзінен ұсталмайтын жеке табыс салығынан, төлем көзінен ұсталмайтын шетел азаматтарының жеке табыс салығынан қала бюджетіне кірістерді бөлу нормативтері 2011 жылға 100 пайыз мөлшерде белгіленсін.

3. Қалалық қазынашылық басқармасы 2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап, сәйкес бюджеттерге кірістер сомасын есепке алуды белгіленген нормативтер бойынша жүргізісін.

4. 2011 жылға арналған қалалық бюджеттен 45016,0 мың теңге сомасындағы облыстық бюджеттен берілетін субвенциялар қарастырылсын.

5. Қаланың жергілікті атқарушы органының 2011 жылға арналған резерві 11672,4 мың теңге сомасында бекітілсін.

**Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы Курчатов қалалық мәслихатының 2011.09.30 N 34/295-IV шешімімен (01.01.2011 бастап қолданысқа енгізіледі).**

6. 2011 жылға арналған қалалық бюджетті орындау процесінде секвестрға жатпайтын, жергілікті бюджеттік бағдарламалар тізбесі 4 қосымшаға сай бекітілсін.

7. 2011 жылға арналған қалалық бюджетте жеке санаттағы мұқтаж азаматтарға әлеуметтік көмек көрсетуге облыстық бюджеттен сомасы 29153,0 мың теңге ағымдағы трансферттер қарастырылсын, соның ішінде:

24512,0 мың теңге – кейбір санаттағы азаматтарға материалдық көмек көрсетуге (ҰОС қатысушыларға, ҰОС мүгедектеріне, ҰОС қатысушыларға және ҰОС мүгедектеріне теңестірілген тұлғаларға, құрбан болған әскерилер отбасына);

4006,0 мың теңге – аз қамтылған отбасы балаларын жоғары оқу орындарында оқыту үшін (оқу бағасы, стипендиялар, жатақханада тұру);

385,0 мың теңге – көп балалы, «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған немесе бұрын «Батыр–ана» атағын алған және 1,2 дәрежелі «Ана даңқы» орденімен марапатталған аналарға біржолғы материалдық көмек көрсетуге;

250,0 мың теңге – 4 және одан да көп кәмелеттік жасқа толмаған балалармен

бірге тұратын көп балалы аналарға бір жолғы материалдық көмек көрсетуге.

**Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы Курчатов қалалық мәслихатының 2011.09.30 N 34/295-IV шешімімен (01.01.2011 бастап қолданысқа енгізіледі).**

7-1. 2011 жылғы қалалық бюджетте облыстық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер есебінен «Ауылдың гүлденуі - Қазақстанның гүлденуі» атты марафон-эстафета өткізуге сомасы 1769,0 мың теңге қарастырылсын;

7-2. 2011 жылғы қалалық бюджетте облыстық бюджеттен берілетін дамытуға арналған нысаналы трансферттер есебінен Курчатов қаласындағы қатты тұрмыстық қалдықтар полигонының құрылысын аяқтауға сомасы 59765,3 мың теңге қарастырылсын;

**Ескерту. Шешім 7-1, 7-2 тармақтармен толықтырылды - Шығыс Қазақстан облысы Курчатов қалалық мәслихатының 2011.03.18 № 32/256-IV шешімімен (01.01.2011 бастап қолданысқа енгізіледі).**

7-3. 2011 жылғы қалалық бюджетте абаттандыруға және аумақты тазартуға сомасы 38627,0 мың теңге облыстық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер қарастырылсын;

7-4. 2011 жылғы қалалық бюджетте жолдарды орташа жөндеуге сомасы 201863,0 мың теңге облыстық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер қарастырылсын.

**Ескерту. Шешім 7-3, 7-4 тармақтармен толықтырылды - Шығыс Қазақстан облысы Курчатов қалалық мәслихатының 2011.06.20 № 33/273-IV шешімімен (01.01.2011 бастап қолданысқа енгізіледі).**

7-5. 2011 жылғы қалалық бюджетте қаланы абаттандыруға облыстық бюджеттен сомасы 450,0 мың теңге ағымдағы нысаналы трансферттер қарастырылсын.

**Ескерту. Шешім 7-5 тармақпен толықтырылды - Шығыс Қазақстан облысы Курчатов қалалық мәслихатының 2011.11.15 № 36/305-IV шешімімен (01.01.2011 бастап қолданысқа енгізіледі).**

8. 2011 жылға арналған қалалық бюджетте республикалық бюджеттен берілетін мынадай көлемде ағымдағы трансферттер қарастырылсын:

683,0 мың теңге – эпизоотияға қарсы іс-шараларды жүргізуге;

8733,0 мың теңге – мектепке дейінгі ұйымдарда мемлекеттік білім тапсырысын іске асыруға;

500,0 мың теңге – үйде оқытылатын мүгедек-балаларды бағдарламалармен, жабдықтармен қамтамасыз етуге;

2299,0 мың теңге – Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп ұстауға асыраушыларына ай сайынғы ақшалай қаражат төлемдеріне;

мектеп мұғалімдеріне және мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешілеріне біліктілік санаты үшін қосымша ақы көлемін ұлғайтуға - 2088,0 мың теңге  
жалақыны ішінара субсидиялауға - 1144,0 мың теңге;  
жұмыспен қамту орталықтарын құруға - 5426,0 мың теңге.

**Ескерту. 8-тармаққа өзгерту енгізілді - Шығыс Қазақстан облысы Курчатов қалалық мәслихатының 2011.03.18 № 32/256-IV, 2011.06.20 N 33/273-IV, 2011.09.30 N 34/295-IV, 2011.11.15 № 36/305-IV шешімдерімен (01.01.2011 бастап қолданысқа енгізіледі).**

8-1. 2011 жылғы қалалық бюджетте республикалық бюджеттен берілетін дамытуға арналған нысаналы трансферттер қарастырылсын, соның ішінде: мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үй құрылысы және (немесе) сатып алуға - 42000,0 мың теңге.

**Ескерту. 8-1 тармаққа өзгерту енгізілді - Шығыс Қазақстан облысы Курчатов қалалық мәслихатының 2011.11.15 № 36/305-IV шешімімен (01.01.2011 бастап қолданысқа енгізіледі).**

9. Қалалық бюджеттен жастар тәжірибесін ұйымдастыруға «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасы шеңберінде жеке кәсіпкерлікті қолдауға республикалық бюджеттен берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер 468,0 мың теңге сомасында қарастырылсын.

10. Осы шешім 2011 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*А. ҚҰСАЙЫНОВ*

*мәслихатының хатшысы*

*Курчатов қалалық  
Ш. ТӨЛЕУТАЕВ*

Курчатов қалалық мәслихатының  
30 сессиясының  
2010 жылғы 28 желтоқсандағы  
№ 30/235 – IV шешіміне

1 қосымша

### **Курчатов қаласының 2011 жылға арналған анықталған бюджеті**

**Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Шығыс Қазақстан облысы Курчатов қалалық мәслихатының 2011.11.15 № 36/305-IV (01.01.2011 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

санат	Сынып	Сыныпша	Ерекшелік	Кірістер атауы	2011 ж (мың теңге)
1				<b>Кірістер</b>	<b>1 026 848,3</b>

1			<b>Салықтық түсімдер</b>	<b>572 658,0</b>	
	01		Табыс салығы	219 929,0	
		2	Жеке табыс салығы	219 929,0	
			01	Төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы	187 195,0
			02	Төлем көзінен салық салынбайтын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы	12 708,0
			03	Қызметін біржолғы талон бойынша жүзеге асыратын жеке тұлғалардан алынатын жеке табыс салығы	299,0
			04	Төлем көзінен салық салынатын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын жеке табыс салығы	19 727,0
	03			Әлеуметтік салық	190 311,0
		1		Әлеуметтік салық	190 311,0
			01	Әлеуметтік салық	190 311,0
	04			Меншікке салынатын салықтар	135 841,0
		1		Мүлікке салынатын салықтар	79 855,0
			01	Заңды тұлғалардың және жеке кәсіпкерлердің мүлкіне салынатын салық	79 100,0
			02	Жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салық	755,0
		3		Жер салығы	37 149,0
			02	Елді мекендер жерлеріне жеке тұлғалардан алынатын жер салығы	1 533,0
			08	Елді мекендер жерлеріне заңды тұлғалардан, жеке кәсіпкерлерден, жеке нотариустар мен адвокаттардан алынатын жер салығы	35 616,0
		4		Көлік құралдарына салынатын салық	18 823,0
			01	Заңды тұлғалардан көлік құралдарына салынатын салық	6 501,0
			02	Жеке тұлғалардан көлік құралдарына салынатын салық	12 322,0
		5		Бірыңғай жер салығы	14,0
			01	Бірыңғай жер салығы	14,0
	05			Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	24 286,0
		2		Акциздер	1 101,0
			96	Заңды және жеке тұлғалар бөлшек саудада өткізетін, сондай-ақ өзінің өндірістік мұқтаждарына пайдаланылатын бензин (авиациялықты қоспағанда)	933,0
			97	Заңды және жеке тұлғаларға бөлшек саудада өткізетін, сондай-ақ өз өндірістік мұқтаждарға пайдаланылатын дизель отыны	168,0
		3		Табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	19 169,0
			15	Жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлем	19 169,0
		4		Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	3 993,0

			01	Жеке кәсіпкерлерді мемлекеттік тіркегені үшін алынатын алым	226,0
			02	Жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін алынатын лицензиялық алым	1 109,0
			03	Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркегені және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркегені, сондай-ақ оларды қайта тіркегені үшін алым	64,0
			14	Көлік құралдарын мемлекеттік тіркегені, сондай-ақ оларды қайта тіркегені үшін алым	284,0
			18	Жылжымайтын мүлікке және олармен мәміле жасау құқығын мемлекеттік тіркегені үшін алынатын алым	778,0
			20	Жергілікті маңызы бар және елді мекендегі жалпы пайдаланудағы автомобиль жолдарын бөлу жолағында сыртқы (көрнекі) жарнамаларды орналастырғаны үшін алынатын төлем	1 532,0
		5		Ойын бизнесіне салық	23,0
			02	Тіркелген салық	23,0
	08			Заңдық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	2 291,0
		1		Мемлекеттік баж салығы	2 291,0
			02	Мемлекеттік мекемелерге сотқа берілетін талап арыздарынан алынатын мемлекеттік бажды қоспағанда, мемлекеттік баж сотқа берілетін талап арыздардан, ерекше талап ету істері арыздарынан, ерекше жүргізілетін істер бойынша арыздардан (шағымдардан), сот бұйрығын шығару туралы өтініштерден, атқару парағының дубликатын беру туралы шағымдардан, аралық (төрелік) соттардың және шетелдік соттардың шешімдерін мәжбүрлеп орындауға атқару парағын беру туралы шағымдардың, сот актілерінің атқару парағының және өзге де құжаттардың көшірмелерін қайта беру туралы шағымдардан алынады	1 416,0
			04	Азаматтық хал актілерін тіркегені үшін, сондай-ақ азаматтарға азаматтық хал актілерін тіркеу туралы куәліктерді және азаматтық хал актілері жазбаларын өзгертуге, толықтыруға және қалпына келтіруге байланысты куәліктерді қайтадан бергені үшін мемлекеттік баж	386,0
			05	Шетелге баруға және Қазақстан Республикасына басқа мемлекеттерден адамдарды шақыруға құқық беретін құжаттарды ресімдегені үшін, сондай-ақ осы құжаттарға өзгерістер енгізгені үшін мемлекеттік баж	107,0
			07	Қазақстан Республикасы азаматтығын алу, Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру және Қазақстан Республикасы азаматтығын тоқтату туралы құжаттарды ресімдегені үшін мемлекеттік баж	29,0
			08	Тұрғылықты жерін тіркегені үшін алынатын мемлекеттік баж	284,0
			09	Аңшы куәлігін бергені және оны жыл сайын тіркегені үшін мемлекеттік баж	6,0

			10	Жеке және заңды тұлғалардың азаматтық, қызметтік қаруының (аңшылық суық қаруды, белгі беретін қаруды, ұңғысыз атыс қаруын, механикалық шашыратқыштарды, көзден жас ағызатын немесе тітіркендіретін заттар толықтырылған аэрозольді және басқа құрылғыларды, үрлемелі қуаты 7,5 Дж-дан аспайтын пневматикалық қаруды қоспағанда және калибрі 4,5 мм-ге дейінгілерді қоспағанда) әрбір бірлігін тіркегені және қайта тіркегені үшін алынатын мемлекеттік баж	30,0
			12	Қаруды және оның оқтарын сақтауға немесе сақтау мен алып жүруге, тасымалдауға, Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және Қазақстан Республикасынан әкетуге рұқсат бергені үшін алынатын мемлекеттік баж	33,0
<b>2</b>				<b>Салықтық емес түсімдер</b>	<b>4 234,0</b>
	01			Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	3 641,0
		5		Мемлекеттік меншіктегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	3 641,0
			04	Коммуналдық меншіктегі мүлікті жалдаудан түсетін кірістер	3 641,0
	06			Басқа да салықтық емес түсімдер	593,0
		1		Басқа да салықтық емес түсімдер	593,0
			07	Жергілікті бюджеттен бұрын алынған пайдаланылмаған қаражаттарды қайтару	67,0
			09	Жергілікті бюджетке басқа да салықтық емес түсімдер	526,0
<b>3</b>				<b>Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер</b>	<b>9 972,0</b>
	03			Жерді және материалдық емес активтер сату	9 972,0
		1		Жерді сату	9 932,0
			01	Жер учаскелерін сатудан түскен түсімдер	9 932,0
		2		Материалды емес активтерді сату	40,0
			02	Жер учаскелерін жалдау құқығын сатқаны үшін төлем	40,0
<b>4</b>				<b>Трансферттердің түсімдері</b>	<b>439 984,3</b>
	02			Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	439 984,3
		2		Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	439 984,3
			01	Ағымдағы нысаналы трансферттер	293 203,0
			02	Дамытуға нысаналы трансферттер	101 765,3
			03	Субвенциялар	45 016,0

Функцио-наль-ды топ	Функциональ-дық жалғасы	Әкімшілік	Бағдар-ла-лар	Бағдар-ла-лар атауы	Атауы	2011 ж (мың теңге)
					<b>II. Шығындар</b>	<b>1 030 899,1</b>
<b>01</b>					<b>Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер</b>	<b>91 747,4</b>

	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	74 502,1
		112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	13 723,0
			001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	13 723,0
		122		Аудан (облыстық маңызы бар қаланың) әкімінің аппараты	60 779,1
			001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	54 937,6
			003	Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары	5 841,5
	2			Қаржылық қызмет	10 946,3
		452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	10 946,3
			001	Аудандық бюджетті орындау және коммуналдық меншікті басқару (облыстық маңызы бар қала) саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	10 379,0
			003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	97,4
			004	Біржолғы талондарды беру жөніндегі жұмысты және біржолғы талондарды іске асырудан сомаларды жинаудың толықтығын қамтамасыз етуді ұйымдастыру	5,0
			010	Коммуналдық меншікті жекешелендіруді ұйымдастыру	180,0
			011	Коммуналдық меншікке түскен мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау және сату	33,4
			018	Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары	251,5
	5			Жоспарлау және статистикалық қызмет	6 299,0
		453		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі	6 299,0
			001	Экономикалық саясатты, мемлекеттік жоспарлау жүйесін қалыптастыру және дамыту және ауданды (облыстық маңызы бар қаланы) басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	6 299,0
<b>02</b>				<b>Қорғаныс</b>	<b>3 129,0</b>
	1			Әскери мұқтаждар	2 925,0
		122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	2 925,0
			005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	2 925,0
	2			Төтенше жағдайлар жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру	204,0
		122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	204,0
			006	Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	204,0
<b>03</b>				<b>Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі</b>	<b>384,0</b>
	1			Құқықтық қорғау қызметі	384,0
		458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	3 840,0
			021	Елді мекендерде жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз ету	384,0
<b>04</b>				<b>Білім беру</b>	<b>323 870,0</b>



1				Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	51 934,0
	471			Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі	51 934,0
		003		Мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	49 846,0
		025		Мектеп мұғалімдеріне және мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешілеріне біліктілік санаты үшін қосымша ақының көлемін ұлғайту	2 088,0
			011	Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен	2 088,0
2				Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	263 564,0
	471			Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі	263 564,0
		004		Жалпы білім беру	245 038,0
		005		Балалар мен жеткіншектерге қосымша білім беру	18 526,0
9				Білім беру саласындағы өзге де қызметтер	8 372,0
	471			Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі	8 372,0
		009		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	5 571,0
		020		Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға асыраушыларына ай сайынғы ақшалай қаражат төлемдері	2 299,0
			011	Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен	2 299,0
		023		Үйде оқитын мүгедек балаларды жабдықтық, бағдарламалық қамтамасыз ету	500,0
			011	Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен	500,0
<b>06</b>				<b>Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру</b>	<b>73 574,5</b>
	2			Әлеуметтік көмек	60 158,5
		451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	60 158,5
		002		Еңбекпен қамту бағдарламасы	15 239,0
			100	Қоғамдық жұмыстар	10 733,0
			101	Жұмыссыздарды кәсіптік даярлау және қайта даярлау	1 662,0
			102	Халықты жұмыспен қамту саласында азаматтарды әлеуметтік қорғау жөніндегі қосымша шаралар	1 700,0
			104	Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасына қатысушыларға мемлекеттік қолдау шараларын көрсету	1 144,0
		023		Жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету	5 426,0
			011	Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен	5 426,0
		005		Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	2 556,0
		015		Жергілікті бюджет қаражаты есебінен	2 556,0
		006		Тұрғын үй көмегі	2 009,0
		007		Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	30 737,0

			028	Облыстық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен	29 153,0
			029	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджет қаражаты есебінен	1 584,0
		010		Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	666,0
		014		Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	1 713,0
			015	Жергілікті бюджет қаражаты есебінен	1 713,0
		016		18 жасқа дейінгі балаларға мемлекеттік жәрдемақылар	1 769,5
			015	Жергілікті бюджет қаражаты есебінен	1 769,5
		017		Мүгедектерді оңалту жеке бағдарламасына сәйкес, мұқтаж мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз етуге, және ымдау тілі мамандарының, жеке көмекшілердің қызмет көрсету	43,0
9				Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету салаларындағы өзге де қызметтер	13 416,0
	451			Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	13 416,0
		001		Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	12 869,0
		011		Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	195,0
		021		Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары	352,0
<b>07</b>				<b>Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық</b>	<b>200 098,3</b>
	1			Тұрғын үй шаруашылығы	51 509,0
		458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	9 509,0
			003	Мемлекеттік тұрғын үй қорының сақталуын ұйымдастыру	7 300,0
			031	Кондоминиум объектісіне техникалық паспорттар дайындау	2 209,0
		472		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі	42 000,0
			003	Мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үй құрылысы және (немесе) сатып алу	42 000,0
			011	Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен	42 000,0
	2			Коммуналдық шаруашылық	71 375,3
		458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	11 610,0
			012	Сумен жабдықтау және су қайтарғы жүйелерінің қызметі	11 610,0
		472		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі	59 765,3
			005	Коммуналдық шаруашылықты дамыту	59 765,3
			015	Жергілікті бюджет қаражаты есебінен	59 765,3
	3			Елді мекендерді көркейту	77 214,0

		458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	77 214,0	
			015	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	10 017,0	
			016	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	8 046,0	
			018	Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру	59 151,0	
<b>08</b>				<b>Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік</b>	<b>63 916,5</b>	
	1			Мәдениет саласындағы қызмет	33 380,0	
		455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	33 380,0	
			003	Мәдени ойын-сауық жұмысын қолдау	33 380,0	
	2			Спорт	3 655,0	
		471		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі	3 655,0	
			014	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	255,0	
			015	Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	3	4 000,0
	3			Ақпараттық кеңістік	13 747,0	
		455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	12 583,0	
			006	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	5 978,0	
			007	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халықтарының басқа да тілдерін дамыту	6 605,0	
		456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	1 164,0	
			002	Газеттер мен журналдар арқылы мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	924,0	
			005	Телерадио хабарларын тарату арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі қызметтер	240,0	
	9			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңестікті ұйымдастыру жөніндегі өзге де қызметтер	13 134,5	
		455		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	4 712,5	
			001	Жергілікті деңгейде тілдерді және мәдениетті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	4 700,0	
			010	Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары	12,5	
		456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	8 422,0	
			001	Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	6 463,0	

			003	Жастар саясаты саласындағы өңірлік бағдарламаларды іске асыру	1 959,0
<b>10</b>				<b>Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғат аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары</b>	<b>10 585,0</b>
	1			Ауыл шаруашылығы	9 902,0
		460		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы, ветеринария және жер қатынастары бөлімі	9 902,0
			001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) аумағында ауыл шаруашылығы, ветеринария және жер қатынастары саласында мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша қызметтер	9 616,0
			012	Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру	230,0
			014	Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі іс-шараларды жүргізу	56,0
	9			Ауыл, су орман, балық шаруашылықтары, қоршаған ортаны қорғау және жер қатынастары саласындағы өзге де қызметтер	683,0
		460		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы, ветеринария және жер қатынастары бөлімі	683,0
			015	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	683,0
<b>11</b>				<b>Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі</b>	<b>6 008,0</b>
	2			Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	6 008,0
		472		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі	6 008,0
			001	Жергілікті деңгейде құрылыс, сәулет және қала құрылысы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	5 946,0
			015	Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары	62,0
<b>12</b>				<b>Көлік және коммуникация</b>	<b>225 035,0</b>
	1			Автомобиль көлігі	225 035,0
		458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	225 035,0
			023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	225 035,0
			015	Жергілікті бюджет қаражаты есебінен	225 035,0
<b>13</b>				<b>Басқалары</b>	<b>32 527,4</b>
	9			Басқалары	32 527,4
		451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	468,0
			022	«Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасы шеңберінде жеке кәсіпкерлікті қолдау	468,0
			011	Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер есебінен	468,0
		452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	11 672,4

		012	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органның резерві	11 672,4
		101	Шұғыл шығындарға арналған ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	11 300,0
		102	Соттардың шешімдері бойынша міндеттемелерді орындауға арналған ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органның резерві	372,4
	458		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	9 302,0
		001	Жергілікті деңгейде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	9 287,0
		013	Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары	15,0
	471		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі	11 085,0
		001	Білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі қызметін қамтамасыз ету	10 806,0
		018	Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары	279,0
<b>15</b>			<b>Трансферттер</b>	<b>24,0</b>
	1		Трансферттер	24,0
	452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	24,0
		006	Нысаналы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) трансферттерді қайтару	24,0
			<b>III. Таза бюджеттік несиелендіру</b>	<b>0,0</b>
			<b>Бюджеттік несиелер</b>	<b>0,0</b>
	5		Бюджеттік несиелерді жабу	0,0
			<b>IV. Қаржылық активтермен операциялар жөніндегі сальдо:</b>	<b>14 900,4</b>
			Қаржылық активтерді сатып алу	15 505,0
<b>13</b>			Басқалары	15 505,0
	9		Басқалары	15 505,0
	452		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) қаржы бөлімі	15 505,0
		014	Заңды тұлғалардың жарғылық капиталын ұлғайту немесе қалыптастыру	15 505,0
	6		Қаржылық активтерді сатудан мемлекетке түсетін түсімдер	604,6
			<b>V. Бюджет тапшылығы (профициті)</b>	<b>-18 951,2</b>
			<b>VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану)</b>	<b>18 951,2</b>

*Экономика және бюджеттік*  
*жоспарлау бөлімінің бастығы* *Т. ЕЛЬНИКОВА*  
 Курчатова қалалық мәслихатының  
 30 сессиясының

2 қосымша

**Курчатов қаласының 2012 жылға арналған бекітілген бюджеті**

санат	Сынып	Сыныпша	Ерекшелік	Кірістер атауы	2012 ж (мың теңге)
1				<b>Кірістер</b>	<b>721 055,0</b>
	1			<b>Салықтық түсімдер</b>	<b>612 880,0</b>
		01		Табыс салығы	220 496,0
			2	Жеке табыс салығы	220 496,0
			01	Төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы	179 774,0
			02	Төлем көзінен салық салынбайтын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы	13 661,0
			03	Қызметін біржолғы талон бойынша жүзеге асыратын жеке тұлғалардан алынатын жеке табыс салығы	469,0
			04	Төлем көзінен салық салынатын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын жеке табыс салығы	26 592,0
		03		Әлеуметтік салық	219 720,0
			1	Әлеуметтік салық	219 720,0
			01	Әлеуметтік салық	219 720,0
		04		Меншікке салынатын салықтар	144 059,0
			1	Мүлікке салынатын салықтар	87 424,0
			01	Заңды тұлғалардың және жеке кәсіпкерлердің мүлкіне салынатын салық	86 668,0
			02	Жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салық	756,0
			3	Жер салығы	36 367,0
			02	Елді мекендер жерлеріне жеке тұлғалардан алынатын жер салығы	1 063,0
			08	Елді мекендер жерлеріне заңды тұлғалардан, жеке кәсіпкерлерден, жеке нотариустар мен адвокаттардан алынатын жер салығы	35 304,0
			4	Көлік құралдарына салынатын салық	20 268,0
			01	Заңды тұлғалардан көлік құралдарына салынатын салық	7 314,0
			02	Жеке тұлғалардан көлік құралдарына салынатын салық	12 954,0
		05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	26 398,0
			2	Акциздер	1 047,0
			96	Заңды және жеке тұлғалар бөлшек саудада өткізетін, сондай-ақ өзінің өндірістік мұқтаждарына пайдаланылатын бензин (авиациалықты қоспағанда)	885,0

			97	Заңды және жеке тұлғаларға бөлшек саудада өткізетін, сондай-ақ өз өндірістік мұқтаждарға пайдаланылатын дизель отыны	162,0
		3		Табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	20 511,0
			15	Жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлем	20 511,0
		4		Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	4 840,0
			01	Жеке кәсіпкерлерді мемлекеттік тіркегені үшін алынатын алым	124,0
			02	Жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін алынатын лицензиялық алым	2 051,0
			03	Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркегені және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркегені, сондай-ақ оларды қайта тіркегені үшін алым	68,0
			14	Көлік құралдарын мемлекеттік тіркегені, сондай-ақ оларды қайта тіркегені үшін алым	304,0
			18	Жылжымайтын мүлікке және олармен мәміле жасау құқығын мемлекеттік тіркегені үшін алынатын алым	1 262,0
			20	Жергілікті маңызы бар және елді мекендегі жалпы пайдаланудағы автомобиль жолдарын бөлу жолағында сыртқы (көрнекі) жарнамаларды орналастырғаны үшін алынатын төлем	1 031,0
	08			Заңдық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	2 207,0
		1		Мемлекеттік баж салығы	2 207,0
			02	Мемлекеттік мекемелерге сотқа берілетін талап арыздарынан алынатын мемлекеттік бажды қоспағанда, мемлекеттік баж сотқа берілетін талап арыздардан, ерекше талап ету істері арыздарынан, ерекше жүргізілетін істер бойынша арыздардан (шағымдардан), сот бұйрығын шығару туралы өтініштерден, атқару парағының дубликатын беру туралы шағымдардан, аралық (төрелік) соттардың және шетелдік соттардың шешімдерін мәжбүрлеп орындауға атқару парағын беру туралы шағымдардың, сот актілерінің атқару парағының және өзге де құжаттардың көшірмелерін қайта беру туралы шағымдардан алынады	1 267,0
			04	Азаматтық хал актілерін тіркегені үшін, сондай-ақ азаматтарға азаматтық хал актілерін тіркеу туралы куәліктерді және азаматтық хал актілері жазбаларын өзгертуге, толықтыруға және қалпына келтіруге байланысты куәліктерді қайтадан бергені үшін мемлекеттік баж	417,0
			05	Шетелге баруға және Қазақстан Республикасына басқа мемлекеттерден адамдарды шақыруға құқық беретін құжаттарды ресімдегені үшін, сондай-ақ осы құжаттарға өзгерістер енгізгені үшін мемлекеттік баж	112,0
				Қазақстан Республикасы азаматтығын алу, Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру және	

			07	Қазақстан Республикасы азаматтығын тоқтату туралы құжаттарды ресімдегені үшін мемлекеттік баж	30,0
			08	Тұрғылықты жерін тіркегені үшін алынатын мемлекеттік баж	304,0
			09	Аңшы куәлігін бергені және оны жыл сайын тіркегені үшін мемлекеттік баж	11,0
			10	Жеке және заңды тұлғалардың азаматтық, қызметтік қаруының (аңшылық суық қаруды, белгі беретін қаруды, ұңғысыз атыс қаруын, механикалық шашыратқыштарды, көзден жас ағызатын немесе тітіркендіретін заттар толықтырылған аэрозольді және басқа құрылғыларды, үрлемелі қуаты 7,5 Дж-дан аспайтын пневматикалық қаруды қоспағанда және калибрі 4,5 мм-ге дейінгілерді қоспағанда) әрбір бірлігін тіркегені және қайта тіркегені үшін алынатын мемлекеттік баж	30,0
			12	Қаруды және оның оқтарын сақтауға немесе сақтау мен алып жүруге, тасымалдауға, Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және Қазақстан Республикасынан әкетуге рұқсат бергені үшін алынатын мемлекеттік баж	36,0
<b>2</b>				<b>Салықтық емес түсімдер</b>	<b>3 624,0</b>
	01			Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	3 194,0
		5		Мемлекеттік меншіктегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	3 194,0
			04	Коммуналдық меншіктегі мүлікті жалдаудан түсетін кірістер	3 194,0
	06			Басқа да салықтық емес түсімдер	430,0
		1		Басқа да салықтық емес түсімдер	430,0
			07	Жергілікті бюджеттен бұрын алынған пайдаланылмаған қаражаттарды қайтару	30,0
			09	Жергілікті бюджетке басқа да салықтық емес түсімдер	400,0
<b>3</b>				<b>Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер</b>	<b>18 053,0</b>
	03			Жерді және материалдық емес активтер сату	18 053,0
		1		Жерді сату	17 948,0
			01	Жер учаскелерін сатудан түскен түсімдер	17 948,0
		2		Материалды емес активтерді сату	105,0
			02	Жер учаскелерін жалдау құқығын сатқаны үшін төлем	105,0
<b>4</b>				<b>Трансферттердің түсімдері</b>	<b>86 498,0</b>
	02			Мемлекеттік басқарудың жоғарғы тұрған органдарынан түсетін трансферттер	86 498,0
